**Жекелеген электр станцияларын концессияға беру жөніндегі сатып алу-сату шарттары мен келісім-шарттары бойынша кейбір келіспеушіліктерді қарау жөнінде жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ӨКІМІ »1998 жылғы 6 қараша N 214

1. "Екібастұз ГРЭС-1" АҚ-ын, Шығыс Қазақстан облысының жылу электр

станцияларын сатып алу-сату шарттары мен Өскемен және Шульба ГЭС-терін концессияға беру жөніндегі келісім-шарттар бойынша кейбір келіспеушіліктерді қарау жөнінде мына құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Әблязов Мұхтар Қабылұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрі, жетекші

Қанафин Әрсен Байдуллаұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі

Шоқпытов Андар Мәулешұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті директорының бірінші орынбасары

Котлов Андрей Николаевич - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Заңдар және халықаралық құқық департаментінің директоры

Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Энергетика және қатты отын департаментінің директоры

2. Жұмыс тобы 1998 жылдың 20 қарашасына дейін жұмыстың нәтижелері туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне баяндасын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің "АЭС" корпорациясымен дауларды реттеу жөнінде комиссия құру туралы" 1998 жылғы 24 қыркүйектегі

N 184 өкімінің күші жойылған деп танылсын.

П р е м ь е р - М и н и с т р

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК